

Г 2007

377к

А. С. Пушкин

ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ
МЕН НАҚЫЛАДАРЫ



А.С.ПУШКИН

*Қанатты сөздері
мен нақылдары*



"АУДАРМА" БАСПАСЫ
АСТАНА - 2006

ББК 82.3 (2 p)
П 91

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Пушкин А.С.
П 91 ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ МЕН НАҚЫЛДАРЫ.
Орыс тілінен аударған К. САЛЫКОВ.
Астана: Аударма, 2006. 120 бет. ББК 82.3 (2 p)

ISBN 9965-18-163-2

Бұл жинаққа поэзияның сәнбес Күні атанған орыстың ұлы ақыны А.С. Пушкиннің қанатты сөздері мен нақылдары топтастырылды. Орысшадан жинастырып, құрастырып қазақшаға аударған қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кәкімбек Салықов көп жылдар ізденген асыл еңбегін туған халқына ұсынып отыр. Кітаптың құндылығы мен қызғылықтығы құстың қос қанатындай ел жүрегіне алып ұшарына сеніміміз көптен көп. Сәттілік тілейміз.

П 4702010205 – 165
00 (05) – 06

ББК 82.3 (2 p)

ISBN 9965-18-163-2

© Салықов Кәкімбек, 2006
© «Аударма» баспасы, 2006

АУДАРМАШЫДАН

Ұлы орыс халқының алдына жан салмас озық ақыны, әлемдегі ең ірі алып тұлғалардың үздік қатарынан мызғымас орын алған Александр Сергеевич Пушкинді қазақ халқы өзінің ұлы Абайынан кем білмейді. Тіл өнерінің ХХ ғасырдағы озық та кемеңгер білгірі, академик Д.С. Лихачев: “Пушкин ақылды, ол сондықтан да ақылгөйлiк жасамайды. Өз бойына біткен бәз қалпында қала береді: турашыл, шапшаң, таптауырынды тозыққа жаны қас екенін білдірді”, – деген екен. Осы асыл ойға тиек болардай данышпан ақынның қанатты сөздері мен нақылдарын тілге тиек етіп кімдер ғашық болмады.

Өз басым Пушкиннің өлеңдерін жастай оқып құмартсам, есейе келе қазақ тіліне

аударуға талпынысым ұлғая түсті. Өлеңдерінің біразын және “Евгений Онегинді” толық аудардым. Әйтеуір бұл асыл-дүниеге жіті қарап, қолда барды түзетуден жалықпадым. Зейнеткерлікке шығып, қауырт істерден қол босаған соң сол еңбектеріме зейін сала кірісіп, оларды ел қолына жеткізуге ішкі сезім мен ақылдың келісімін тапқандаймын. Аудармашылық асығыстықты көтермейді, ал, азабы мен ғажабы қатарласқан А.С. Пушкиндей дананы аударудан қиын не болмақ.

“А.С. Пушкиннің қанатты сөздері мен нақылдары” деп атап отырған бұл жинақта аз күннің сыйлығы емес, өмір бойы теңіздің терең түбінен жинап жүрген інжу маржандай ұлылықтың шашырап жатқан ұшқынын терген қымбат қазынам. Мәскеуде оқып жүрген студент кезімде жерлес досым Шәкір Әлиев ән салуға жалықпайтын және де ол орыс операларының ариялары мен элегия, романстарына әуес еді. Пушкиннің А.П. Кернге

арнаған өлеңін орысша әуенімен орындауға келердей етіп аудардым. Шәкір студенттік кештерде жан толқыта айтып жүрді. А.С. Пушкин жайлы не бар, не жоқ бәрін де түбегейлі жинастыра бердім. Әсіресе әйгілі “Евгений Онегинді” аударуға дайындық көптеген мағлұматтар берді. Пушкиннің есіміне байланысты атақты жерлерді араладым. Ақынның көңілім ауған өлеңдерін аударып бердім, оған қоса Пушкин тақырыбына арналған өз өлеңдерім де топтала бастады.

Қанатты сөздер мен нақылдардың көңілге қона кетер таңғажайып дәлдігімен өмір сырын айнадай ашық айтып, бір оқығанда ойға орала кететіні анық. Бірақ, бір кісінің ұйғарымы бір сәрі, ал ұлы орыс халқының қанатты сөз деп танып, нақыл деп жаттаған жөні бір бөлек. Мен негізінен әдебиет зерттеуші библиографтар М.Г. Ашукина мен Н.С. Ашукиннің орыстың қанатты сөздері мен оларға түсінік беретін 1955 жылы шыққан “Қанатты сөздер”

(Москва, Худ.лит. 1955) кітабына тап болып, оның ішінде А.С. Пушкиннің сөздерін сол кітаптан алып қазақшаға аударып жүрдім. Бұл күнде бұл жинақтың төртінші басылымы қолымда. Ашукиндер дүниеден өтті, бірақ қалдырған мұралары тарихи қазына. Онда орыстың өзге ақын, жазушыларынан А.С. Пушкиннің қанатты сөздері мен нақылдары молырақ екен.

А.С. Пушкиннің “Қанатты сөздері мен нақылдары” (Москва. “Воскресенье”, 1999) арнайы жеке жинақ болып та шықты. Оны құрастырған орыстың белгілі жазушысы Игорь Шкляревский ақынның қанатты сөздері мен нақылдарын өзінше ізденіспен құрапты. Ашукиндерде бар дүние бұл кітапта негізінен қайталанбаған, қолда бар өзге деректерден тергендеріммен осы екі кітаптан алған А.С. Пушкиннің 175 қанатты сөздерінің басын құрап, 1999 жылы аударуға қызу кірістім. Оларға қосымша ретінде “Қанатты сөздер” “Алтын парақтар” сериясынан 2001 жылы “Минск Харвест, Москва

АСТ” баспасынан шыққан жинақтан 86 қанатты сөздерді алдым, өзгелерін А.С. Пушкиннің авторлығымен берілген барлық жинақтардан аудардым.

Кейде “Қанатты сөз” екі-ақ сөзден құралса, кейде бір шумақ өлеңмен беріледі. Олардың қай-қайсысына үңілсек те А.С.Пушкиннің еңбектерінен қалап алып жаттап кеткен ұлы орыс халқының талғамы. Мысалға Пушкиннің “Мыс салт атты” (“Медный всадник”) атты поэмасының бас кейіпкері Петр біріншіге орнатқан (мүсінші Э.М. Фальконе) Петербургтегі Сенат алаңында ескерткіш бар. Ақынның поэмасы жарық көргеннен кейін бұл ескерткішке “Мыс салт атты” деген атақты халық берді, поэманың аты қанатты сөз болғандығы соншалық, әлемдік дәрежеде Петербургті “Мыс салт аттының қаласы” атап кетті. Ұлы ақынның қай қанатты сөзін алсақ та қазақ оқырманы ескі танысындай қарсы алар деп ойлаймын. Толғағы

әбден жеткендей бұл жинақты баспаға ұсынуды жөн көрдім.

Осымен іс бітті деуден де аулақпын. Пушкинге бай кітапханамды қалай ақтарсам да бір жаңалыққа тап боламын. Қысқаша айтсам, Пушкинді аударуға студент күндерімде кірістім. Мәскеуде оқығандықтан, кейінде Мәскеуде көп жылдар тұрғандықтан аудармаларым ешқандай жинақтарға кірмепті, сол олқылықты енді ғана толтыруға мүмкіндік туды. Ақындардың да, басқа ақылдылардың да “Пушкин айтқандай” деген сөздерін ескі әдетіммен жинай бермекпін.

Тере берсек А.С. Пушкинде ғажайып сөздер аз емес, бірақ орыс халқының өзі қолдап белгілі жинаққа қанатты сөз не нақыл ретінде енгізбесе біздің өз еркімізбен ала салу жөн болмас деймін. Мысалға ұлы ақынның қуанғанда: “Трагедия моя кончена; я перечел ее вслух, один, и бил в ладоши и кричал, ай-да Пушкин, ай да Сукин сын!” деп

жан толқынын жарыққа шығарғаны бар “Ай-да Пушкин, ай-да сукин сын!” – дегенін ертеден білсек оны қалай ұмытпақпыз.

“Пай, пай Пушкин, ерім-ай!
Беу, ақ сайтан, перім-ай!” –

деп қазақшаладым.

Қорытып айта келгенде бұрын тап осылай аударылып қазақ тілінде жинақталмаған А.С.Пушкиннің “Қанатты сөздері мен нақылдарын” бумасы бұрқыраған зор шоқ гүлдей етіп оқушы қауымға табыс етпекпін.

Кәкімбек САЛЫҚОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

А.С. ПУШКИННИҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ МЕН НАҚЫЛДАРЫ

*Е*скерткіш өзіме орнаттым келмес қолдан.¹

*Ж*астық шақ өтті қызығы,
Көрген түс, таңғы тұмандай.²

*Ж*арықтық сөнді күндіз жарқыраған.³

*Махаббаттың тасқыны, тірі тасқын.*⁴

*Біздің тозған ескі лашық,
Қайғылы әрі қараңғы.*⁵

*Алғашқы менің бар досым,
Баға жетпес жан досым!*⁶

*С*өзбен келген төбелестің төресі.⁷

*М*ахаббат жоқта – шаттық жоқ.⁸

*С*елдіреді көлеңке жайлады арай шығысты.⁹

*Б*алғын шақ өтті бақытты,
Шалғында қалған іздей боп.¹⁰

Олымдаса – бәрі абыржып жүгіртер;
Ол ішкенде – бәрі шулап, сімірер;
Ол күлгенде – бәрі бірге қарқылдар;¹¹

Біздің жаста жасау шұғыл бұрылыс
Ол – құштарлық өлі ізі бар құбылыс.¹²

Жер бетінде шындық жоқ деп қақсадық,
Бірақ, одан биікте де таппадық.¹³

*С*ұлулар жаны ұғысқан,
Беріктеу дос пен туыстан.¹⁴

*Ж*адымда ғажап сол бір кез:
Алдымда тұрдың мүлтіксіз.
Елестей ғайып өткен тез,
Сұлулық тәңірі кіршіксіз.¹⁵

*А*қыл тәңірін аңсайды,
Жүрек таппай шаршайды.¹⁶

*Д*аңқ деген жамап-жасқау амалы,
Сорлы әншінің құрығанда заманы.¹⁷

*К*өргенсізге басымды иіп көрмедім.¹⁸

Жағымпаздар! Тырысыңдар сақтауға,
Кісіліктің кескінін зұлымдыққа батқанда.¹⁹

Бір арбаға жегу салар бүлікті,
Асау ат пен жаны нәзік киікті.²⁰

...қажеті бар ақымақтар.²¹

*Ш*әжірибе де қатерлерден жаралған,
Даналар да кері ағыстан нәр алған.²²

*К*ейбіреу өтті, қалғаны кетті әрірек.²³

*Ш*ірек етіп, жүрек мәңгі ұстарлық,
Қос сезімнің құшағында біз қалдық.
Ол – өзіңнің шаңырағыңа махаббат,
Ата-баба зиратына құштарлық.²⁴

Бұл жалғанда бақыт жоқ, тыныштық пен
жігер бар.²⁵

Нәзік үн кетпей құлақтан,
Баурады бейнең түсімде.²⁶

О, достарым, өлім емес керегі,
Ойлы, мұңлы өмір сүргім келеді.²⁷

*М*ірліктің тышқан жортағы.²⁸

*Ұ*ғудан күдер үзбеймін,
Мен сенен маңыз іздеймін.²⁹

*А*тақ пен абырой берді үміт,
Ертеңге жоқ еш күдік.³⁰

*М*ылқау тән қайтсын, сезе ме,
Сөнерін бықсып там, тұмдап.
Болжаған жаным межеге,
Құласам болды жақындап.³¹

...дайындық жоқ махшарға,
Шошытып тұр өлім де.³²

*К*ездейсоқ, бекер дарынмен,
Қайтемін өмір барын мен?³³

*С*алып қал асырға, біз барда қасыңда!³⁴

*М*әңірім берген ғадетті,
Бақытқа тағдыр пар етті.³⁵

*Е*ріншек әрі енжармыз.³⁶

С елендегі дәу ұсталар зерлейді,
Бәсеңдетіп отты жалын құйынын.
Ресейдің балғасымен емдейді,
Еуропаның жеңіл-желпі бұйымын.³⁷

...іскерсымақ кержалқау.³⁸

Ұ мыттым нәзік үніңді,
Жүзіңді жұлдыз мейірлі.³⁹

...ақымақ та киіпті алтын көзәйнек.⁴⁰

*Ж*еңістердің еренғайып еркесі.⁴¹

*Ш*ым болмаса, ақылды хатшы тапқайсың.⁴²

*Л*ондон үшін не керек, Мәскеу үшін ерте-
рек.⁴³